

МТС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АБРОЙЛЫ ІСІ

Қазір облысымыздағы МТС және совхоз жұмысшыларының, жұмысшы әйелдерінің, мамандары мен қызметшілерінің алдында аса зор және ардақты міндет тұр. Ол—барлық тракторлар мен тіркеу саймандарын көктемгі егіс жұмысына күні бүрін мүлтіксіз әзірлеу болып саналады. Бұл үшін олар тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеу кезінде ерекше күш-қайрат жұмсап, күнделік, айлық және тоқсандық жұмыс жоспарының мерзімінен бұрын сан-сапа жағынан ойдағыдай орындауын қамтамасыз етуге тиіс.

Колхоз, совхоздарда егіннен тұрақты мол өнім алудың берік негізін жасау, көктемгі егістің қысқа мерзім ішінде жоғары сапада өткізілуі трактор паркінің жұмысына байланысты. Өйткені ауыл шаруашылық жұмыстарының негізгі бөлігі механизация күшімен орындалады. Сондықтан да тракторлар мен тіркеу саймандары күнделік толық және сапалы жөнделсе, колхоз, совхоздарда көктемгі егістің қысқа мерзімде агротехникалық жоғары дәрежеде өткізілетіндігі мәлім.

Еңбек майданы қызметкерлерінің қажірілі еңбегіне кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың жоғары баға беруімен жігерленген колхозшылар, МТС, совхоз қызметкерлері келесі жылы егіннен неғұрлым мол өнім алу үшін көктемгі егіске үлгілі әзірлену жолында жаңа табыстарға жету мен жауап беру үшін күш жұмсауда. Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен МТС-тарында егіске әзірлік жұмысы күш саған өріс алуда. Чапаев атындағы МТС жұмысшылары көктемгі егіске әзірлікте іс үлгісін көрсетті. Жұмысшылар коллективінің қажірілі еңбек істеуі нәтижесінде тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеудің 4-тоқсандық жоспары артықпен орындалды.

Дегенмен облысымызда көктемгі егіске әзірліктің барысын ойдағыдай деп айтуға болмайды. Тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеу ісі көңілдегідей ұйымдастырылмай отыр. Бірсыра колхоздарда ат соқаларын, тұқым сепкіштерді тағы басқа құрал-сайманды жөндеу жұмысы әлі қолға да алынған жоқ. Кейбір колхоздардың жайбарақат басшылары басқа жұмыстың қолымыз босамай жатыр деген бөгде сөздерге сүйеніп, егіске әзірлікті көрінеді-ақ олқылыққа ұшыратып отыр. Бірақ көктемгі жұмысы неғұрлым ерте, тыңғылы өткізілсе, көктемгі егістің солтүрлігі орындалып өткізілетіндігін ұғынатын уақыт әлде қашан жетті.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы Манкент МТС-ның коллективі Қазақстан МТС-тарының барлық жұмысшыларына, жұмысшы әйелдеріне, мамандары мен қызметшілеріне арнап хат жазып, тракторларды жөндеу жұмысын ойдағыдай өткізу, барлық машиналар мен тіркеу саймандарын көктемгі егіске әзірлеу жөнінде оларды республикалық социалистік жарыс ұйымдастыруға шақырып отыр. Олардың бұл істің бастамасын облысымыздағы МТС жұмысшыларының толық қолдайтындығы сөзсіз.

Тракторлар мен тіркеу саймандарын тез әрі сапалы жөндеу үшін мастерскойларда жұмыс екі сменамен жүргізілуі керек. Бұл үшін мастерскойларды түрлі жабдықтаулармен және электр жарығымен тыңғылдық қамтамасыз ету қажет. Мастерской жұмысшыларды тракторларды жөндеу жұмысымен қатар, колхоздардың соқа-саймандары үшін қосалқы бөлшектер өндіруі керек. Егіс кезінде тракторлардың үздіксіз егіске істеуі үшін әрбір МТС-та көшпелі мастерскойлар алдын-ала жабдыкталатын болуы керек.

Мастерской жұмысшылары арасында социалистік жарысты өрістетіп, алған міндеттердің, күнделік жұмыс тапсырмаларының сөзсіз орындалуына жергілікті жердегі, комсомол ұйымдары ерекше назар аударуы керек.

Республикалық социалистік жарысқа жаппай қосылумен қатар, жұмыс қарқыны күннен-күнге күшейту, сөйтіп машина-трактор паркін көктемгі егіске мүлтіксіз әзірлеу—әрбір МТС коллективінің абройлы ісі.

Қазақстан МТС-тарының барлық жұмысшыларына, жұмысшы әйелдеріне, мамандары мен қызметшілеріне

Оңтүстік Қазақстан облысындағы Манкент МТС-ның жұмысшылары мен қызметшілерінен

Қымбатты жолдастар!

Кеменгер көсеміміз, данышпан қолбасшымыз Сталин жолдастың 27 жылдығы социалистік революциясының туралы тарихи баяндамасын біз бүкіл елімізбен бірге зор қуаныппен тыңдадық.

Қызыл Армия туған жерімізді неміс басқыншылардан азат етті. Сталин жолдастың «Жеріміз қазірден бастап және бір жолата гитлершіл арамзалардан азат» деген сөзі мақтанышпен естіледі. Халқымыздың тылдағы даңқты жеңістерінің қорытындысы еңбекшілердің жүрегін аса зор қуанышқа бөлеп отыр. Совет тылының жұмысына Сталин жолдастың жоғары баға беруі біздің жігерімізге жаңа жігер қосып, жаңа еңбек ерліктеріне рухтандырады.

Қазір, Қызыл Армия одақтастарымыздың армияларымен бірлесе отырып, фашист айуанды оның өз үңгірінде талқандап жатқан кезде, біздің міндетіміз—колхоздардың Қызыл Армияны және ел еңбекшілерін астықпен, етпен, оwoщыпен тағы басқа азық-түлікпен үздіксіз жабдықтап, заводтар мен фабрикаларға ауыл шаруашылығының шикі заттарын еселеп мол беруіне көмектесу болып саналады.

«Қазіргі уақыттың қаруынсыз,—деді Сталин жолдас,—армия соғыса алмайды және жеңе алмайды. Сол сыяқты ол астықсыз, азық-түліксіз де соғыса алмайды және жеңе алмайды».

Толық және түпкілікті жеңіске жету жолында майданға неқажеттің бәрін беру үшін біз барлық күшімізді жұмсап, қиыншылықтың бәрін жеңуге тиіспіз.

Егіннен мол өнім алу жолындағы күресте машина-трактор станцияларының алдында зор және ардақты міндет тұр, сондықтан, Отанымыз бен Қызыл Армия алдындағы борышымызды жете ұғына отырып,

МТС жұмысшылары, жұмысшы әйелдері, мамандары мен қызметшілері! Тракторларды, жөндеу жұмысын дер кезінде сапалы өткізу, барлық машиналар мен тіркеу саймандарын көктемгі егіске мүлтіксіз әзірлеу жөнінде ұйымдастырылған республикалық социалистік жарысқа жаппай қосылып, өндірістік жұмыста жаңа табыстарға жету үшін күш-жігер жұмсаңдар!

барлық тракторшыларды, комбайншыларды, трактор бригадаларын, механиктерді, МТС-тар мен МТМ-лардың жұмысшыларын тракторларды жөндеу жұмысын ойдағыдай өткізу, барлық машиналар мен тіркеу саймандарын көктемгі егіске үлгілі әзірлеу жөнінде республикалық социалистік жарыс ұйымдастыруға шақырамыз.

Социалистік жарысқа қосылумен қатар, біз мынадай міндеттемелер аламыз:

1. Тракторлар мен тіркеу саймандарының күзгі-қысқы жөндеу жоспарын 1945 жылғы 1 февральға дейін, ал 4-тоқсанның жоспарын 20 декабрьге дейін орындаймыз.
2. Күзгі қысқы маусымда машина-трактор паркін жөндеудің түсер бағасын 5 процент кемітеміз.
3. Тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын қысқы маусымда сақтау ісін үлгілі ұйымдастырамыз.
4. Егіс маусымына жеректі жанармай табу, бұған керекті ыдыстарды жөндеу жұмысын 1 февральға дейін аяқтаймыз.
5. 15 майдан кешіктірмей комбайндарды жөндеу жұмысын аяқтаймыз.
6. Колхоздардың 1945 жылғы 1 февральға дейін ат соқаларын, тұқым сепкіштерді, жер өңдегіш машиналарды жөндеуіне көмектесеміз.
7. Егіс жұмыстары басталғанға дейін

Үндеу Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданындағы Манкент МТС қызметкерлерінің жыйылысында талқыланып, қабылданды.

Жыйылыстың тапсыруы бойынша үндеуге қол қойғандар.

МТС директоры БОГАТЫРЕВ, партия ұйымының секретарі ТҰРСЫНОВ, жұмысшылар комитетінің председатели ЛУЦЕНКО, аға механик СИЛЬЧЕНКО, аға агроном ПОЛЯНЦЕВ, мастерской меңгерушісі ДРУЖИНИН, бақылаушы мастер ЫРЫСБЕКОВ, комбайн жөндеуші механик ТАБЕЛЬСКИЙ, комбайншы ВЕЛИЧЕНКО, мотор жөндеуші бригаданың бригадирі ТҰРДЫҚҰЛОВ, темір ұстасы КЕНЖЕБАЕВ, слесарь ПОДЯНОЙ, тракторшылар БЫКОВА, КРАВЧЕНКО, ТАРАНОВА, бухгалтер КРАСНЕНКО.

КК(б)П Орталық Комитетінде

Манкент МТС коллективінің Қазақстан МТС-тарының барлық жұмысшыларына, жұмысшы әйелдеріне, мамандары мен қызметшілеріне үндеуі туралы

Манкент МТС коллективінің бастамасын мақұлдап және МТС-тардың тракторларды жөндеу жоспарын мерзімінен бұрын және сапалы орындау жөніндегі социалистік жарысына саяси-шаруашылық аса зор маңыз бере отырып, Қазақстан КК(б)П Орталық Комитетінің бюросы мынадай қаулы алды:

1.Республикалық социалистік жарысты

бастауыш Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданындағы Манкент МТС коллективінің үндеуі мақұлданып.

ҚК(б)П, ҚЛКЖО облыстық, аудандық комитеттері, бастауыш партия, комсомол ұйымдары Манкент МТС жұмысшыларының үндеуін 10 декабрьге дейін МТС-тардың партия, комсомол ұйымдарының жал-

пы жыйылыстарында, кеңестерінде, жұмысшылар жыйылыстарында талқылауға міндеттелсін.

Үндеуді талқылау нәтижесінде әрбір МТС, цех, трактор жөндеуші бригадалар, трактор жөндеуші жеке жұмысшылар міндеттеме алуға тиіс.

ТАТЫМДЫ ТАРТУ

Петропавлдағы Қазақстанның 10 жылдығы атындағы қолөнершілер артелінің жұмысшылары Сталиндік Конституция күні—5 декабрьді өндірістік жаңа табыстарға жетумен қарсы алды. Олар ноябрь айындағы өндірістік жоспарды едәуір артық орындап, жоспардан тыс 7 мың сомның бұйымын өндірді.

Киім тоқу цехының жұмысшылары Сталиндік Конституция күні алдындағы со-

циалистік жарысқа жаппай ұштасып, еңбек өнімін 130 процентке жеткізді. Ал стахановшылар Андреев және Сергеева жолдастар жұмыс мөлшерін үнемі 150—200 процент орындайды.

Етікшілер цехы айлық жоспарды 110 процент, ойыншық жасайтын цех айлық тапсырманы 115 процент орындады.

М. ЕРҒАЛИЕВ.

Латвия селоларын электрлендіру

Латвияның Лубан, Ляудон және басқа облыстарының шаруалары өз күштерімен селоларды электрлендіруде. Немістер қыйратқан үйлердің астынан динамо машиналарын қазып алып, жергілікті жердегі электршілердің жәрдемімен оларды жөндеп жатыр. Механиктер жаудан түсірілген олжа локомобильдерді двигатель ретінде жабдықтауда. Бұл электр станциялары мектептерге, дәрігерлік үйлер мен шаруа үйлеріне электр жарығын береді. (ТАСС).

Совет Хабаршы бюросынан

6 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

6 декабрьде Венгрия жерінде БАЛАТОН көлі мен ДУНАЙ өзенінің аралығында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды, сөйтіп 50ден аса елді жерлерді, оның ішінде ДУНАЛЕНТЕЛЕ, РАЦАЛМАШ, ХЕРЦЕГАЛЬВА, АЛАП, ЦЕЦЕ, ШАР ЕГРЕМ, ШИМОЛТОРНИА, ШАРБОГАРД, СИЛОШ-БАЛХАШ, ЛАОЙШ-КОМАРОМ, АДАНД, БАЛАТОНСАБАДИ үлкен қыстақтары мен ДУНАПЕНТЕЛЕ, НАИВЕНИМ ВЕРЦЕНФАЛЬВА, ШИМОЛТОРНИА, ШАРБОГАРД, МЕЗЕ-КОМАРОМ темір жол станцияларын ұрыспен алды, мұнымен бірге БАЛАТОН көлі мен ДРАВА өзені аралығында шабуыл жасаушы әскерлеріміз 40тан аса елді жерлерді, оның ішінде ФОНЬОД, КЕРЕСТУР, БЕРЕНЬ, БАЛАТОН, УЙЛАТЕРДЬ, КЕТЕЛЬ, МЕСТЕН-ТЕ, СЕННА, СЕЛИЦКИШКАЛУД, ПАТОШФА, ХОЛМОК-СЕНТ-КАЛМАНЧА, ИСТВАНДИ, ДАРАНЬ, ДРАВА-ТАМАШИ үлкен қыстақтары мен ФОНЬОД, КЕРЕСТУР, КЕТЕДЬЕТАПУСТА, СЕНТ-ИМРЕ, НАДЬ-УЙФАЛУ, КОШТЕЛЬЕШ-ДОМБО, ДАРАНЬ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

3—4 декабрьдегі ұрыстар кезінде Венгрия жерінде 3-УКРАИН майданының әскерлері немістер мен венгрлердің 2375 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Югославияда ДУНАЙ және САВА өзендерінің аралығында Югославия халық-азаттық армиясының әскерлері біздің әскерлерімізбен бірлесе қыймыл жасай отырып, ШИД қаласы мен темір жол станциясын алды, сол сияқты ШАРЕНГРАД, МОХОВО, ОПАТОВАЦ, ЛОВАС, МАЛАЯ ВАШИЦА, ГИВАРЕЦ, БАЧИНЦИ, КУКУЕВЦИ, КУЗМИН, АДАШЕВЦИ, МОРОВИЧ қыстақтары мен АДАШЕВЦИ, МОРОВИЧ, БАЧИНЦИ, КУКУЕВЦИ-ЕРДЕВИК темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

5 декабрьде әскерлеріміз немістердің 21 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 15 самоләті атып түсірілді.

Венгрияда Балатон көлі мен Дунай өзенінің аралығында дұшпан өзінің әлсіреп тұрғандығын әскерлерін жауу әскерлерінің және танкілерінің ірі күштерімен күшейтті. Ұрыстар әлдеқайда рет қолма-қол айқасқа айналды. Дунай өзенінің батыс жақ жағалауы бойымен алға басушы әскерлеріміз жауырт шабуыл жасап, немістерді аралық қорғану шеңберінен қуып шығарды, сөйтіп Будапештің оңтүстік жағында 50 километр жердегі Радальмаш қыстағын алды. Екінші бір бөлімдеріміз қатты ұрыстардан кейін Капош және Елуша қыстақтарынан өтіп, бұл су бөгеттерінің солтүстік жақ жағалауы бойында салынған немістердің қорғану бекіністерін талқандады. Дұшпан жағдайды қалпына келтіруге тырысып, бірінен соң бірі онекі рет қарсы атака жасады. Совет жауу әскерлері мен артиллерияшылары жауға нәсерлете оқ жаудырып, гитлершілдердің қарсы атакаларын тойғарлы, сөйтіп дұшпанды тықсыра отырып, бірсыпыра елді жерлерді алды.

Балатон көлі мен Драва өзені аралығында әскерлеріміз ұрыспен алға басты. Капошвар қаласының солтүстік-батыс жағында советтің гвардияшы бөлімдері сазды жерден өтіп, Балатон көлінің жағалауында Фоньод үлкен қыстағы мен портын алды. Сонымен, әскерлеріміз көлдің оңтүстік жақ жағалауын түгел дерлік иеленді. Сегетвар қаласының батыс жағында совет әскерлері жауға қауырт соққы беріп, көлдің маңындағы шептерге бекініп қалу жөніндегі немістердің барлық әрекеттерін іске асырмай тастады. Дұшпан соғыс техникасын, қару жарағы мен соғыс складтарын тастап кері шегінді. Ұрыстарда 2 мыңнан аса гитлершілдер жойылды. Н. құрамасы жауынгерлерінің өзі немістерден 2 танкті, 26 зеңбіректі, 40 пулеметті, 60 тылшты, 800 атты және 5.000 қару-жарағы қолға түсірді.

Шығыс Пруссияда аға лейтенант Исмакеев басқарған бір топ жауынгерлер немістердің тұрған жеріне өтіп, дұшпанның әскери күзетіне, тылдан шабуыл жасады. Барлаушыларымыз гранаталар лақтырып және автоматтардан оқ атып, бір топ гитлершілдерді жер жастантты. Күннің тұман болуына және қардың еріп жатқандығына қарамастан, совет ұшқыштары дұшпанның тылына шабуыл жасап, жаудың үш паровозын және жүк тиеген 10 автомашинасын қыйратты.

1-Украин майданында дұшпанның екі града артиллерия отысы болып тұрды.

Преснов ауданы астық тапсыру жоспарын сөзсіз орындауға тиіс

ПРЕСНОВКА. (Өз тілшімізден). «Үлгі» (председателі Қасенова жолдас), «Пламя» (председателі Калугин жолдас), «Трудгурток» колхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындады. Қазір бұл колхоздардың мүшелері Қызыл Армия қорына өз меншіктерінен астық тапсырып жатыр.

Алайда, ауданда астық тапсыру жұмысының барысы мүлде қанағаттанғысыз болып отыр. Аудан облысымыздағы астықты аудандардың бірі. Бірақ мұнда 5 декабрьде ғана астық дайындау жоспары 70,6 процент ғана орындалды. Бұл—астық тапсыруды бөгеушілерге қарсы күрестің нашарлығынан болып отыр. Ауданның бір талай колхоздарында астық бастыру жұмысы әлі күнге дейін күшейтілмей отыр. Мәселен «Красное знамя» колхозында әлі күнге 972 гектар егін соғылмаған. Мұнда 5 комбайн және 2 молотилкамен онкүн ішінде 57 гектар ғана егін бастырылды. 500 центнер астық біржарым ай бойына дайындау орнына жөнелтілмей колхоз қырманьында жатқан.

Баиян МТСының қамтуындағы 17 колхоздың 7-де астық бастыру жұмысы аяқталған жоқ. «Сарман» колхозында 217 гектар, «Жаркын» колхозында 194 гектар және «Кресный партизан» колхозында 70 гектар егін бастырылмап жатыр. Ал бұл колхоздарда астық дайындау жоспары небары 60—70 процент ғана орындалды. МТС директоры Ковшов жолдас бұл колхоздардағы тоқтап тұрған комбайндардың астық бастыру жұмысына толық пайдаланылуын қамтамасыз етпей келеді.

Майбалық МТСда да (директоры Андрищенко жолдас) істің жөйі осындай. Бұл МТСының қамтуындағы колхоздарда бастырылмаған 401 гектар егін бар. Ал комбайндар тоқтап тұр. Колхоздардың қырманьында астық та көп. Бірақ осы астықты дайындау орындарына тасу шын мәнінде ұйымдастырылмады.

ҚК(б)П аудандық комитеті астық тапсырудағы олқылықты жою жөнінде сан рет үнде берді. Не пайда, бұл үденің беріктігі іспен сипатталмай отыр. Бұған мына мысалдар айқын дәлел. 21 ноябрьде ауданда астық дайындауға 11 колхоз қатысса, 26 ноябрьде 2 колхоз ғана қатысты.

Преснов ауданында астық дайындау ісінің барысы осындай. Бұған, ең алдымен аудандық партия комитетінің секретары Васин, аудандық кеңес аткомінің председателі Марков жолдасар кінәлі. Олар астық тапсыру қарқынын күшейту жөнінде құрылған уәделер берумен ғана тынған. Қазіргі күнде ешбір қыйыншылық астық тапсыру жоспарын сөзсіз орындауға бөгет бөлмеуге тиіс. Соғыс кезінің бұл қатаң заңын Васин, Марков жолдасардың түсінетін уақыты жетті. Олар астық тапсырудағы олқылықты барынша батыл және тез жоюға, жоспардың мерзімінде, толық орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Еліміздің отан қорғау спорты жөніндегі чемпиондары

ССРО Халық Комиссарлары Советі жанындағы дене шынықтыру және спорт істері жөніндегі комитет жақын арада Ворожедь өткізілген қолма-қол ұрыс жөніндегі бүкілодақтық жарыстың қортындыларын бекітті. Жарысқа 12 қаладан келген 16 команда қатысты.

Қолма-қол ұрыс жөнінде В. Морозовка, биіктігі 150 метрлік бөгеттен өту жөнінде Д. Дибига 1944 жылға чемпион атағы, I-дәрежелі диплом және бағалы сыйлық тапсырылды. Олардың екеуі де москвалықтар.

(ТАСС).

Одақтастар авиациясының Австрияға шабуылы

ЛОНДОН, 4 декабрь. (ТАСС). Хаваршы министрліктің хабарына қарағанда, ауыр бомбашылар Италиядан ұшып шығып, 3 декабрьде дұшпанның Австриядағы соғыс орындарына шабуыл жасаған. «Ушушы қамалдардың» ірі құрамалары дұшпанның Вена ауданындағы соғыс орындарын бомба лаған. Дұшпанның авиациясы мен зенит зеңбіректері әлсіз қарсылық көрсетті.

Бельгиядағы жағдай туралы Англия тілшісінің пікірі

ЛОНДОН, 2 декабрь. (ТАСС). Үш ай бойына Бельгияда болған әскери тілші Со-дон «Ньюс кроникл» газетінде былай деп жазады: басқыншылармен бірлесіп іс еткен, бірақ ол кезде немістермен бірге іс жүргізу ісінде зор роль атқармаған бірсыпыра адамдар тұтқынға алынғандықтан Бельгияда тазалау жүргізілгендігін анықтама мүмкіншілік туды, бұл адамдар немістермен бірлесіп іс етуге мәжбүр болдық деп өздерін ақтап, қазіргі күнде бостандық алып жүр.

Бір адамның бұл документтер қолдан жасалған жалған документтер деп мәлімдеме жасағандығын мен өз көзіммен көрдім,—деп жазады,—тілші. Бұл айыптаудың гестапоға бұдан көп айлар бұрын тапсырылғандығына және оның осы уақытқа дейін зерттелмей келгендігіне мен таңқалдым. Оның үстіне, бұл іс жаңада ғана атүсті тексеріліп, бұл отаншыға айып салынды.

Содон, ешбір жұмыс істемейтін дені сау, отан алдындағы борышын сезбейтін адамдардың кафеде лық толып отыратындығын атай көрсетеді.

Содон қазіргі Терло үкметін өз үкметін деп есептемейді.

Испанияда гестапошылар мен фашистердің терроры

НЬЮ-ЙОРК, 2 декабрь. (ТАСС). Испанияның Гаваньда шығатын республикашыл «Носотрос» журналының хабары бойынша, Италиядан жақын арада келген адамдар тұтқыннан босатылған, сол сияқты сезікті болған республикашылдарды жаппай атып өлтіру, тұтқынға алу ісі жүргізіліп жатқандығын айтты. Олардың сөзіне қарағанда, өткен айда Барселонда 310 адам атып өлтірілген көрінеді. Сол сияқты, Испанияның басқа қалаларында да көптеген адамдар атып өлтірілген.

Гаваньда шығатын «Нотисас де Останья» бюллетені, Испаниядан келген адамдардың сөзіне қарағанда, атынулы гитлершілдер үй-іштерімен бірге Испания арқылы көшіп кетіп жатыр, олар латын Америкасына бара жатқан болу керек деп хабар етті. Немістердің бұрынғы жүздеген әскери қызметкерлері фалангистер отрядтарына қосылып, Испанияның байырғы армиясында маңызды қызмет атқарып жүр. Бұдан бірнеше күн бұрын Франко Пиреней шекарасында тұрған әскер бөлімдерін күшейтті. Алайда террорға қарамастан, Франкоға қарсы адамдар қазір бұрынғыдан да күшейіп алды. Испанияда көптеген астыртын баспасөз шығарылуда.

Антверпен порты одақтастардың кемелері үшін жол ашты

ЛОНДОН, 2 декабрь. (ТАСС). Американың Англиядағы радио станциясының хабары бойынша, Антверпен порты одақтастардың кемелерін қабылдай бастады. Қазірдің өзінде кемелердің ірі керуендері Антверпен портына келіп, жүк түсірді.

Жауапты редактор

О. ОСПАНОВ